



ХҒТАР 11.25.40
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-115-126>

Орталық Азиядағы терроризм мәселесі және Қазақстан Республикасының терроризммен күресу жолдары

Н.О. Аккожина*^{ID}, Қ.Ғ. Даркенов^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: akkojina@inbox.ru, darkenov_kg@enu.kz)

Аңдатпа. Бұл мақалада Орталық Азия аймағындағы терроризм мәселесінің өзектілігі талқыланып, Орталық Азия шеңберінде қауіпсіздікке байланысты терроризм мәселесіне жан-жақты талдау жасалды. Орталық Азия аймағы – қауіпсіздік тұрғысынан алғанда дүниежүзінің күрделі аймақтарының бірі болып табылады. Қазақстан Орталық Азиядағы жетекші мемлекет ретінде терроризммен күресуде айтарлықтай шараларды қолға алды. Бұл шаралар заңнамалық өзгерістерден бастап, халықаралық ынтымақтастыққа дейінгі ауқымды іс-әрекеттерді қамтиды. Соңғы жылдардағы экстремизм мен радикализмнің күшеюі осы аймақтағы қауіпсіздікке үлкен сын-қатерлер тудырды, әсіресе, интернет арқылы радикалдану үрдісі маңызды мәселеге айналды. Осы мәселелерге байланысты Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесі өзектілігімен ерекшеленеді. Бұл мақалада, терроризммен күрестегі негізгі бағыттар, яғни терроризм мен экстремизмге қарсы қабылданған заңнамалық негіздер, ШЫҰ, ҰҚШҰ, БҰҰ сынды ұйымдармен ынтымақтастық, радикалдануды алдын алу және мемлекет ішіндегі әлеуметтік факторларға талдау жасалды. Авторлар мақалада терроризмнің пайда болу себептері мен аймақтық қауіпсіздікке төндіретін қатерлерін жан-жақты талдайды. Әсіресе Қазақстан Республикасының терроризммен күрес бағытындағы құқықтық, институционалдық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралары мен стратегияларына ерекше назар аударылады. Сонымен қатар мақалада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шаралары, құқық қорғау органдарының үйлесімді жұмысы, сондай-ақ діни экстремизмнің алдын алу жолдары қамтылады. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанның терроризммен күрестегі тәжірибесі мен болашақтағы мүмкін бағыттары айқындалады.

Түйін сөздер: Аймақтық қауіпсіздік, терроризм, Ауғанстан, экстремизм, радикалды топтар, Орталық Азия.

Кіріспе

Қазіргі таңда Еуропа мен Азияның қиылысында орналасқан маңызды аймақ – Орталық Азия аймағы көптеген сын-қатерлерге тап болып отыр, соның ішінде аса қатерлі қауіптердің бірі – терроризм болып табылады. Терроризм – бұл адамдарға немесе топтарға қатысты зорлық-зомбылық қолдану немесе белгілі бір мақсатқа жету үшін зорлық-зомбылықпен қорқыту арқылы жасалатын қылмыстық әрекет болып табылады. Бұл әрекет халықты қорқытып, қоршаған ортада қорқыныш, үрей және шиеленісті әдейі тудыру мақсатында жүзеге асырылады. Мұндай әрекеттер қоғамға үлкен қауіп төндіреді және көбіне ашық және жария түрде жасалады. Террористік әрекеттер көптеген адамдардың өліміне әкеліп, үлкен психологиялық қысым көрсетеді. Олар материалдық және рухани құндылықтарды жойып, қалпына келмейтін шығындар әкеледі, мемлекеттер арасында дұшпандықты тудырады, соғысқа түрткі болады, әлеуметтік және ұлттық топтар арасында өшпенділік пен сенімсіздік орнатады. Тарихта мұндай өшпенділікті кейде тұтас бір ұрпақтың өмірінде де жеңу мүмкін болмай жатады. Террористік әрекеттердің басты мақсаты – әлемдік қауымдастықтағы бірлікті бұзу, әртүрлі ұлттар немесе топтар арасындағы өшпенділікті қоздыру болып табылады. Терроризмді алдын ала болжаудың қиындығы, бұл қауіппен күресуді қиындатады және бұл қылмысты алдын алу үшін кешенді шараларды жасауды қажет етеді [1].

Зерттеу әдістері мен материалдары. Орталық Азиядағы терроризмнің пайда болуын және тарихи дамуын, оның қоғамға төндіріп отырған қауіп-қатерін, пайда болу себептерін жан-жақты талдау арқылы терроризммен күресудің ең тиімді әдістерін анықтау. Сонымен қатар, Қазақстанның терроризммен күресудегі тәжірибесін, оның Қазақстан территориясында пайда болуы себептері және осыған орай қабылданған заңдар мен бағдарламалардың елдегі терроризммен күресудегі тиімділігін кешенді зерттеу.

Мақалада Орталық Азиядағы терроризмнің пайда болуы және даму тарихы талданды, сонымен қатар ішкі және сыртқы факторлардың терроризмге қарсы байланыстарын зерттеу үшін жүйелілік талдау әдісі қолданды. Қазақстан мен халықаралық құрылымдардың терроризмге қарсы шаралары зерттеу үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Терроризмнің өсу және төмендеу үрдісін көрсету үшін графикалық талдау әдісі, интернеттегі радикалдану және үгіттеу мәселесін зерттеу үшін контент-анализ әдісі қолданды. Құқықтық актілер, заңнамалар және мемлекеттік бағдарламаларды зерттеу үшін сапалық талдау әдісі қолданды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Терроризмнің Орталық Азияға келуі алғашқы рет 1990 жылдары байқалды. Оларды көбінесе «басмашылар» деп атады, бұл сөз «шабуыл жасайтындар» деген мағынаны білдіреді. Сондай ақ оларды моджахедтер деп атап, зерттеулерде «джихад» ұғымынан шықты деп мәлімдейді. Басмашылық әскери-саяси қозғалыс 1917 жылғы төңкеріске жауап ретінде пайда болып, шамамен 1930 жылдардың ортасына дейін өмір сүрді.

Идеологиялық тұрғыдан қарағанда, басмашылар панисламизм мен пантүркизм сипатта болды. Түркістан ұлттық-діни автономиясын құру мақсатында, олар бұл қаланы «кәпірлерден» яғни большевиктерден азат етуге ұмтылды. Ең көп басмашылық топтар Ферғана алқабында болды. Сол кездегі танымал ұйымдар «Шура-и-Ислам», «Улема», «Алаш» болды. Басмашылықтарды кеңестік кезеңде белсенді түрде зерттеді, бұл зерттеулерде олардың әрекеттері өте теріс бағаланды. Орталық Азия аумағында әрекет ететін ішінде ең алғашқы қазіргі заманғы террористік ұйымдардың бірі «Өзбекстанның Исламқозғалысы» (ӨИҚ) болып табылады. Бұл ұйым 1996 жылы құрылды, қазіргі уақытта Орталық Азиядағы ең ірі террористік топ болып табылады. Атауынан көрініп тұрғандай, бұл ұйым исламшыл бағыттағы топ. «Өзбекстанның ислам қозғалысы» ұйымының басты мақсаты – Ислам Каримовтың билік етудегі саяси режимімен күресу ғана емес, сонымен қатар, ұйғырлар қоныстанған Қытай және Орталық Азияның барлық бес мемлекетінің аумағында исламдық мемлекет құру болды. Аталған ислам мемлекетінің орталығы – Ферғана алқабы, дәлірек айтқанда Наманган, Әндіжан, Ош, Ферғана бойындағы аймақ болды. Бұдан басқа Орталық Азиядағы ең белсенді террористік ұйымдардың бірі – Хизб-ут-Тахрир ұйымы. Аталған ұйым 1953 жылы Иерусалимде құрылған. Ал Орталық Азияға Хизб-ут-Тахрир 1995 жылы келді. 1998 жылы Қазақстанда аталған ұйымның әрекеттері алғаш рет Оңтүстік Қазақстан облысында байқалды. Оңтүстік Қазақстан облысында Хизб-ут-Тахрир партиясы қол қойған, республикада конституциялық құрылымды өзгертуді көздейтін парақшалар мен кітапшалардың заңсыз таратылғаны алғаш рет тіркелді. Ұйымның басты мақсаты – мұсылман үмбетін Дар әл-Исламға қайтару, шариғат заңдарының үстемдігін орнату және Халифат құру болды. Ұйым өз мақсатына жету әрекеттерін бірнеше кезеңдерге бөліп жоспарлады. Алғашқы кезеңде мұсылмандар арасында ағартушылық жұмыстары жүргізілді. Екінші кезеңде партияның жақтастары Халифат идеясын өз отандастары арасында тарата бастайды. Ұйымның соңғы мақсаты – зайырлы режимді құлатып, орнына Халифат құрылып, халифтің билігін орнату болды. Ұйым күш қолдануды толықтай жоққа шығарды, яғни “Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) алғашқы мемлекеттік қудалауға қарамастан, ол тек саяси әдістер мен интеллектуалды қабілеттерді пайдаланып құрғанын» еске салады. Ұйым бейбіт сипатта болғандықтан, көптеген мемлекеттер, соның ішінде Ұлыбритания сияқты Еуропа елдері заңды деп мойындады. Ал Орталық Азия мен Ресей аумағында ұйым террористік деп танылып, тыйым салынды. 2005 жылы Қазақстанда Хизб-ут-Тахрир ұйымы Астана қалалық сотының шешімімен экстремистік ұйым деп танылды. Соңғы уақытта баспасөз беттерінде «Акримия» деп аталатын террористік ұйым жиі кездесе бастады. Бұл ұйым 1990 жылдардың ортасында Хизб-ут-Тахрирдің бұрынғы мүшесі Акрам Юлдашевпен құрылған еді. Акримийлардың басты мақсаты – Өзбекстанда исламдық мемлекет құру болды. Ұйым зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға рұқсат берді. Алғашқы «сынақ алаңы» ретінде Әндіжан болды. Аталған ұйымдардың әрекеттері және басты мақсаттары мен идеяларын зерттей отырып, Орталық Азиядағы қазіргі заманғы террористік ұйымдардың пайда болуы панисламизм идеологиясының қайта жандануымен байланыстырылады. Яғни, бұл ұйымдардың мақсаты зайырлы билікпен күресіп, ислам мемлекетін құру болды. Тереңірек айтқанда, аталған ұйымдар

ислам Халифатын жаһандық діни-саяси жүйе ретінде құруды көздеп, ұлтшылдықты жоққа шығарды [2].

Жоғарыда айтылған деректер бойынша, Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесі бұрынғы кеңестік республикалар тәуелсіздік алғаннан бері аса өзекті тақырыптардың бірі болып қала береді. Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздікке қол жеткізген кезде экономикасы әлсіз мемлекеттердің бірі болды, осыған байланысты қоғам да тұрақсыз болған кезең болды. 1996 жылы Ауғанстанда тәліптер билікке келген кезде, Орталық Азиядағы қауіпсіздік жағдай одан әрі күрделене түсті. Енді Орталық Азия ерекше сипаттағы мемлекетпен шекаралас болды. Тәліптердің солтүстікке қарай жылжуы мүмкін деген болжамдар Орталық Азия елдерін алаңдатты. Ауғанстан «Аль-Каида», «Өзбекстанның Ислам қозғалысы», «Хизб ут-Тахрир» және «Шығыс Түркістанның Ислам қозғалысы» сияқты көптеген аймақтық және жаһандық террористік ұйымдарға пана болды. АҚШ тәліптердің режимін 2001 жылы құлатқаннан кейін де Ауғанстан ұзаққа созылған азаматтық соғыс, терактілер және трансшекаралық қылмыстардан зардап шегуді жалғастырды. 2003 жылы АҚШ Иракқа басып кіргеннен кейін «араб көктемі» басталып, Таяу Шығыс хаосқа ұшырады және мұсылман әлемінде үстемдікке ұмтылған «Ислам мемлекеті» құрылды. Экстремистік идеологияның ықпалына түскен Орталық Азиядан шыққан көптеген адамдар осы топқа қосылды [3]. Осылайша аталған факторлар Орталық Азия аймағында терроризмнің пайда болуына және таралуына қолайлы жағдай туғызды.

Террористік әрекеттер – бұл адамзатқа, қоғамға, мемлекетке қарсы жасалатын ең қауіпті қылмыстың бірі. Терроризм – жергілікті, аймақтық, ұлттық және жаһандық деңгейлерде жүзеге асырылады. Жаһандану және заманауи технологиялардың дамуы нәтижесінде терроризммен күрес мәселесі күннен-күнге күрделене түсіп және барлық мемлекеттер үшін жаһандық сипатқа ие болып отыр. Қазіргі уақытта Орталық Азия елдеріне төнетін террористік қауіптерді ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Жоғарыда аталып өткен террористік ұйымдар және Ауғанстан мәселесі сыртқы қауіп болса, ішкі қауіптер аймақтағы кедейлік, жұмыссыздық, халықтың аз бөлігінің шеттетілуі сияқты мәселелер, күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайдан туындайды. Аталған мәселелер нәтижесі ретінде экстремистік және террористік қозғалыстардың пайда болу қаупі бар. Айтылып кеткендей, сыртқы факторлар аймақты қоршап тұрған «ыстық нүктелермен» байланысты, олар Орталық Азия айналасында орналасқан және «исламдық тұрақсыздық доғасын» құрайды (1-кесте) [4].

1-кесте. Орталық Азиядағы террорлық шабуылдардың 1990 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі хронологиясы

Жыл	Мемлекет	Оқиға	Сипаттама
1992-1997	Тәжікстан	Азаматтық соғыс	Азаматтық соғыс кезінде көптеген террористік шабуылдар орын алды. Исламдық жаңғыру партиясының белсенділігі байқалды.

1999	Өзбекстан	Ташкенттегі жарылыстар	Өзбекстанның исламдық қозғалысы (ӨИҚ) Ташкентте үкіметті құлатуға бағытталған жарылыстарды ұйымдастырды.
2004	Өзбекстан	Бұхара мен Ташкенттегі жарылыстар	Исламшыл экстремистердің шабуылдары, ондаған адам қаза тапты.
2010	Қырғызстан	Ош оқиғалары	Президент Бакиевті биліктен тайдырғаннан кейін оңтүстік Қырғызстанда экстремистік топтардың қатысуымен қақтығыстар болды.
2011	Қазақстан	Ақтөбе мен Тараздағы жарылыстар	Қазақстандағы алғашқы ірі терактілер, полиция және мемлекеттік нысандарға қарсы шабуылдар жасалды.
2016	Қазақстан	Ақтөбедегі шабуылдар	Радикалды исламшылдар қару-жарақ дүкендері мен әскери базаны шабуылдады, бірнеше адам қаза тапты.
2017	Тәжікстан	Туристерге шабуыл	ӨИҚ мүшелері шетелдік туристерге шабуыл жасап, бірнеше адам қаза болды.
2018	Қырғызстан	Қанттағы ресейлік әскери базаға шабуыл	Боевиктер Қырғызстандағы ресейлік әскери базаға жасаған шабуыл жасады.
2019	Тәжікстан	Худжанд түрмесіндегі көтеріліс	ӨИҚ боевиктері ұйымдастырған түрмедегі теракт және жаппай бүлік.
2022	Қазақстан	Қаңтар оқиғасы (газ бағасының өсуіне байланысты наразылықтар)	Экстремистік топтардың ықпалымен байланысты болуы мүмкін деген зорлық-зомбылықпен қатар жүретін көтеріліс.

Орталық Азия мемлекеттерінің тарихи мұрасы, этникалық-мәдени әртүрлілігі және геосаяси ерекшеліктері аймақтың қауіпсіздік пен дамудың бірегей қалыптасуына ықпал етеді. Соңғы айларда «Ислам мемлекеті – Хорасан уәлаяты» (ИГВХ) өз үгіт-насихат жұмыстарын кеңейтіп, онлайн-платформаларда, аудио және видео түрінде тұрақты контент ағыны көбейгені байқалады. Экстремистер Орталық Азиядан, әсіресе Өзбекстан мен Тәжікстаннан қолдау жинау, қаржы тарту және жауынгерлерді жалдау үшін ақпараттық науқанын белсенді жүргізуде. Бұл үгіт-насихат жұмыстары өзбек және тәжік тілдерінде таралатын «Аль-Азаим» медиа орталығы арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты, Орталық Азиядағы жастардың радикалдануы – бұл тағы бір күрделі мәселеге айналды. ИГВХ Telegram қосымшасын пайдаланып, пікірталас арналарының желісін құрып, үгіт-насихатты насихаттау және жаңа мүшелерді тарту үшін жұмыс

істейді. Осы аймақтағы үгіт-насихат қызметін күшейту арқылы ИГВХ аймақ үкіметтерін ашық сынап, оларға қауіп төндіруде. Яғни интернет желісі арқылы үгіттеу қазіргі уақыттағы тағы бір үлкен мәселелердің бірі болып табылады [5].

Талқыланып отырған мәселе бойынша, Қазақстанға келетін болсақ, Ерлан Каринның айтуынша, 1990 жылдардың соңында және 2000 жылдардың басында Қазақстандағы терроризм мәселесі ел аумағында «сырттан келген» террористердің жасырынып жүруімен байланысты болды. Алайда, 2000 жылдардың ортасында жағдай өзгере бастады. Қазақстан азаматтарының террористік әрекеттерге қатысуы жиілей түсті, олар посткеңестік мемлекеттер аясында және алыс шетелдерде де террористік топтарға қосыла бастады. Мысалы, «Орталық Азия моджахедтер жамағаты» тобы 2004 жылы Өзбекстанда бірнеше теракт ұйымдастырды және деректер бойынша құрамында қазақстандықтар да болды. Қазақстанда терроризм 2005-2011 жылдар аралығында ішкі қауіпке айналды. Осы уақытта экстремизм мен терроризмге байланысты қылмыстар үшін жауапқа тартылған қазақстандықтардың саны арта түсті. 2011–2012 жылдары террористер мемлекеттік билік құрылымдарына ашық шабуыл жасады. Мысалы, 2011 жылы Ақтөбеде Ұлттық қауіпсіздік комитеті (әрі қарай – ҰҚК) департаментінің ғимаратында және Астанадағы ҰҚК тергеу изоляторының жанында жарылыстар болды. 2011 жылдың қазан айында болған Атыраудағы екі жарылыстан кейін терроризм алғаш рет ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп ретінде ресми түрде танылып, Қылмыстық кодекске сәйкес іс қозғалды [6]. Аталған жағдайлардан кейін, Қазақстан үкіметі терроризмге қарсы шаралар қабылдай бастады. 2016 жылы Ақтөбеде қару-жарақ дүкендеріне және әскери базаға шабуылдар жасалды, бұл бірнеше адамның өмірін қиды. Бұл шабуылдарды радикалды исламшыл топтар жүзеге асырды. 2022 жылдың қаңтарында Алматы қаласында жаппай тәртіпсіздік орын алып, бұл оқиғаны Қазақстан Республикасының үкіметі террористік шабуыл деп бағалады. Осыған жауап ретінде президент Қасым-Жомарт Тоқаев экстремизм мен терроризмге қарсы күресті күшейтті [7].

Аталған жағдайларды қорытындылай келе, мамандар Қазақстан Республикасы территориясында терроризмнің дамуының келесідей себептерін анықтады:

1. Халық арасында исламдандудың өсуі және қоғамның жіктелуі. Қоғамның осал топтары ваххабистердің ықпалына түсіп, үлкен қауымдар құруға мүмкіндік береді.
2. Халық санының күрт өсуі экстремистік ұйымдардың дамуына алғышарттар жасайды.
3. Ауғанстанға жақын орналасуы. Бұл аймақ тұрақсыздықтың ошағы ретінде террористік қауіп төндіреді.
4. 2011 жылға дейін мемлекет терроризмді ресми түрде мойындамауы келеңіз нәтижеге әкелді. Бұл террористерге терактілерге дайындалуға мүмкіндік берді және осы уақытта кейбір діни қауымдар өз ережелерін қатаң ұстана бастады.
5. Арнайы қызметтердің тәжірибесі жеткіліксіз болуына байланысты, терроризмге қарсы тұруға дайын болмады.
6. Әлеуметтік желілер. Интернетте тыйым салынған әрекеттерді насихаттау арқылы қауіпті күшейтті [8].

Жоғарыда атап өтілген мәселелерге байланысты, Қазақстан Республикасында мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық деңгейде арнайы

бағдарламалар қабылданып, құқық қорғау органдарының жұмысы күшейтілді. Террористік және экстремистік топтардың әрекеттерін алдын алу үшін заманауи технологиялар қолданыла бастады. Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықты дамытып, шетелдік қауіптерге қарсы күрес бойынша шараларды жүзеге асырылу басталды. «Аль-Каида», «Асбат аль-Ансар», «Мұсылман бауырлар», «Боз гурд», «Орталық Азия моджахедтер жамағаты», «Өзбекстанның Ислам қозғалысы», «Шығыс Түркістан Ислам партиясы», «Күрд халықтық конгресі», «Лашкар-и-Тайба», «Хизб-ут-Тахрир», «Таблиги жамағат», «Әлеуметтік реформалар қоғамы», «АУМ Синрикё», «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы» және «Халифат сарбаздары» ұйымдары Қазақстан Республикасында тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдардың тізіміне енгізілді. Бұл ұйымдар терроризм мен экстремизмді насихаттау арқылы елдің қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіреді, сол себепті олардың қызметіне заңмен тыйым салынған. Қазақстан терроризмге қарсы күреске бағытталған 14 халықаралық құжатқа қосылды. Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерлерді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы аймақтағы басқа мемлекеттермен тығыз байланыс орнатты [7]. Қауіпсіздік мәселелері Қазақстанды 1996 жылы Шанхай бестігіне қосылуға итермеледі, бұл ұйым 2001 жылы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) болып өзгертілді. 1992 жылы Ұжымдық қауіпсіздік шартына қол қойып, бұл шарт негізінде 2002 жылы құрылған Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүше болды. Сонымен қатар, 1998 жылдан бастап қабылданған бірқатар ұлттық заңдар осы қауіптерге қарсы іс-қимылдың негізін қалады. Бұл Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңы, «Терроризмге қарсы күрес туралы» заңы, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңы, «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негіздерін қалады. Сонымен қатар, интернеттегі экстремистік идеяларды таратушылар, тіпті әлеуметтік желілердегі жазбаларды бөлісушілер де қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Интернет арқылы үгіттеуге қарсы ақпараттық қарсы іс-қимыл – жаңа бағыт болғандықтан, 2012-2013 жылдары жасақталып, заңнамалық негізге енгізілді. 2013 жылғы «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңнамаға сәйкес, мемлекеттік құрылымдар экстремизмге қарсы ақпараттық жұмыстарға бұқаралық ақпарат құралдарын, заңды тұлғаларды, азаматтық қоғам мен діни қызметкерлерді тартуды міндеттеді [9]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелдегі соғыстарға қатысуға тыйым салынады. Үкімет Ирак пен Сириядағы терроризмге белсенді қатысқан содырларға айып тағып, басқа оралған азаматтарды қоғамға қайта қосуға көмектесуде, соның ішінде теологиялық кеңес беру, психологиялық, әлеуметтік және білім беру қолдауын қамтамасыз етті. 2019 жылдан 2021 жылға дейін Қазақстан Ирак пен Сириядан 600-ден астам азаматын, оның ішінде әйелдер мен балаларды елге қайтарды. 2022 жылы үкімет діни «экстремизм» және терроризммен күрес бойынша бес жылдық бағдарламаны аяқтады, осы бағдарламаға сәйкес құқық қорғау органдары мен прокурорлар әлі де терроризм немесе экстремизммен күресте кең өкілеттіктерге ие болып қала береді. Сонымен қатар, «Қазақстанның шекара қызметі» және басқа

агенттіктер шетелдік террористермен байланысы бар адамдардың мемлекетке кіруін және шығуын немесе транзиттің болдырмау үшін белсенді жұмыс атқарып, 2018 жылдан бері Қазақстан жолаушыларды тексеру үшін API және PNR жүйелерін қолданып келеді. Сонымен қатар, Қазақстан қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ететін «Еуразиялық топқа» (ЕАГ) мүше болды [10].

Қорытынды

Қоғамдағы ынтымақтастықты күшейтіп, радикалды идеологияға қарсы тұру үшін тұрқты және біртұтас негізді қамтамасыз ету – терроризмге қарсы күрестегі басты міндеттердің бірі болып табылады. Терроризм қаупі мемлекеттің сыртқы және ішкі мәселерге тікелей байланысты болғандықтан, Қазақстан Республикасы осы мәселе бойынша жүйелі түрде шаралар атқарды. Біріншіден, кешенді әрекет ететін заңнамалық негіз қалыптастырды. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде үйлесімді жұмыс жасау, ақпарат алмасу және бірлескен стратегияларды дамыту өте маңызы бар Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы және т.б. халықаралық ұйымдарға мүшелік етіп, терроризмге қарсы бірлескен бағдарламалар мен шараларды іске асырып келеді. Бұл заңдар мен шаралардың тиімділігі Global Terrorism Index нәтижесі бойынша байқалды. Қазақстан бұл тізімде 93-орынға ие болып, қауіпсіз елдер қатарына кірді. Яғни, мұнда бұл қауіптің алдын алу мақсатында аналитикалық-сарапшылық құралдардан басқа, сонымен қатар белгілі идеологияға қарсы тиімді әдістерін әзірлеу және қоғамды маңызды ұлттық және адамзаттық құндылықтар негізінде біріктіруді қажет етеді. Мемлекет ішіндегі мәселелерге келетін болсақ, Қазақстанда халықтың білім деңгейін көтеру және жастармен жұмыс жасау мақсатында бірқатар шаралар жасалды. Жаңа мектептер салынып, жастарға діни сауаттылықты арттыру мақсатында теологтар мен психологтар жұмыс істеуін бастады. Бұл мамандар жастарды экстремистік идеялардан алшақ ұстауға және оларды дұрыс бағытта тәрбиелеуге үлес қосып отыр. Дегенмен, бұл қауіптің түрі әлем бойынша өзектілігін жоғалтпауына байланысты, үкімет тарапынан жасалған кешенді шаралар мен бағдарламаларды әлі де жалғастыруды қажет етеді.

Авторлардың қосқан үлесі.

Аккожина Н.О. – хат-хабарға жауапты автор, зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеп, теориялық базасын қалыптастырды және мақаланың негізгі нұсқасын жазды.

Даркенов Қ.Ғ. – деректерді жинап, талдау жұмыстарын жүргізді, сондай-ақ мақаланың құрылымын жетілдіріп, соңғы редакциялаумен айналысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Шамсодинова Т.М., Чурбанова К.Е. Терроризм как глобальная проблема современности. [Электронный ресурс]. URL: <https://kiiut.ru/conferencion/conferencXV.pdf#page=153> (Дата обращения: 01.12.2024).

2. Сыроежкин К.Л., Лаумулин М.Т., Курманбаева Ш.А. Динамика количественных и качественных изменений терроризма и геополитики. [Электронный ресурс]. URL: <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/Syroejkin%20Laumulin%20Kurmanbaeva.pdf> (Дата обращения: 01.12.2024).
3. Чжао Хуашен. Перемены в Центральной Азии: откуда берутся риски для безопасности. [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/peremeny-v-tsentralnoy-azii-otkuda-berutsya-riski/> (Дата обращения: 01.12.2024).
4. Трусова А.А., Черняев М.С. Угроза терроризма в Центральной Азии: предпосылки, направления, проблемы региональной безопасности // Постсоветские исследования. – 2020. – Т.3. – № 6. – С. 5-6.
5. Правеш Кумар Гупта. Повышение устойчивости стратегии противодействия терроризму в центральной Азии. [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/povyshenie-ustoychivosti/> (Дата обращения: 01.12.2024).
6. Казанцев А., Гусев Л. Террористический акт в Актобе – симптом роста террористической активности на всем постсоветском пространстве. [Электронный ресурс]. URL: https://mgimo.ru/about/news/experts/simptom-rosta/?utm_source=google.com&utm_medium=organic&utm_campaign=google.com&utm_referrer=google.com (Дата обращения: 01.12.2024)
7. Борьба с терроризмом и экстремизмом в Казахстане. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/589?lang=ru> (Дата обращения: 01.12.2024)
8. Дусметова С.И., Налибай А.А. Проблема терроризма в Республике. [Электронный ресурс]. URL: <file:///Users/imac/Downloads/problema-terrorizma-v-respublike-kazakhstan.pdf> (Дата обращения: 01.12.2024)
9. Решетняк А. Опасные сет: как бороться с онлайн радикализацией в Казахстане. [Электронный ресурс]. URL: https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/%D0%A0%D0%B5%D1%88%D0%B5%D1%82%D0%BD%D1%8F%D0%BA_%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B0_.pdf (Дата обращения: 01.12.2024)
10. Security challenges in Kazakhstan: Addressing terrorism at home and abroad. [Electronic resource]. Available at: <https://tacticsinstitute.com/asia/security-challenges-in-kazakhstan-addressing-terrorism-at-home-and-abroad/> (Accessed: 01.12.2024)
11. Kazakhstan Reaches Level Free from Terrorism Impact. [Electronic resource]. – 2024. Available at: <https://astanatimes.com/2023/08/kazakhstan-reaches-level-free-from-terrorism-impact/> (Accessed: 01.12.2024)

Н.О. Аккожина, К.Г. Даркенов

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Проблема терроризма в Центральной Азии и пути борьбы с терроризмом в Республике Казахстан

Аннотация. В данной статье обсуждается актуальность проблемы терроризма в регионе Центральной Азии, проводится всесторонний анализ вопроса терроризма в контексте безопасности

Центральной Азии. Казахстан, будучи ведущим государством Центральной Азии, предпринял значительные меры в борьбе с терроризмом. Эти меры охватывают широкий спектр действий, начиная от законодательных изменений и заканчивая международным сотрудничеством. Усиление экстремизма и радикализма в последние годы создает реальные угрозы безопасности в этом регионе, особенно процесс радикализации через интернет стал один из важных проблем. В связи с этим проблема безопасности в Центральной Азии остается актуальной. В данной статье рассматриваются основные направления борьбы с терроризмом, такие как законодательные основы противодействия терроризму и экстремизму, сотрудничество с такими организациями, как ШОС, ОДКБ предотвращение радикализации и анализ социальных факторов внутри государства. Авторы статьи всесторонне анализируют причины возникновения терроризма и угрозы, которые он представляет для региональной безопасности. Особое внимание уделяется правовым, институциональным и международным мерам и стратегиям Республики Казахстан в борьбе с терроризмом. Кроме того, в статье рассматриваются профилактические меры, направленные на обеспечение национальной безопасности, скоординированная деятельность правоохранительных органов, а также пути предупреждения религиозного экстремизма. В результате исследования выявлен опыт Казахстана в противодействии терроризму и определены возможные направления дальнейшей борьбы с этой угрозой.

Ключевые слова. Региональная безопасность, терроризм, Афганистан, экстремизм, радикальные группы, Центральная Азия.

N.O. Akkozshina, K.G. Darkenov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The Problem of Terrorism in Central Asia and Ways to Combat Terrorism in the Republic of Kazakhstan

Abstract. This article discusses the relevance of the problem of terrorism in the Central Asian region and provides a comprehensive analysis of terrorism issues in the context of Central Asia's security. Kazakhstan, as the leading state in Central Asia, has undertaken significant measures in the fight against terrorism. These measures encompass a wide range of actions, from legislative changes to international cooperation. The rise of extremism and radicalism in recent years has posed serious security challenges in this region, especially with the growing issue of radicalization through the internet. In this regard, the issue of security in Central Asia stands out for its relevance. This article examines the main directions in combating terrorism, including legislative foundations for countering terrorism and extremism, cooperation with organizations such as the SCO, CSTO, and UN, prevention of radicalization, and analysis of social factors within the state. The authors of the article provide a comprehensive analysis of the causes of terrorism and the threats it poses to regional security. Special attention is given to the legal, institutional, and international measures and strategies of the Republic of Kazakhstan in combating terrorism. In addition, the article examines preventive measures aimed at ensuring national security, the coordinated efforts of law enforcement agencies, as well as approaches to preventing religious

extremism. As a result of the study, Kazakhstan's experience in countering terrorism is revealed, and possible future directions for combating this threat are identified.

Keywords. Regional security, terrorism, Afghanistan, extremism, radical groups, Central Asia.

References

1. Shamsodinova T.M., Churbanova K.E. Terrorizm kak global'naya problema sovremennosti [Terrorism as a Global Problem of Modernity]. [Electronic resource]. Available at: <https://kiiut.ru/conferencion/conferencXV.pdf#page=153> (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]
2. Syroezhkin K.L., Laumulin M.T., Kurmanbaeva Sh.A. Dinamika kolichestvennykh i kachestvennykh izmenenii terrorizma i geopolitiki [Dynamics of Quantitative and Qualitative Changes in Terrorism and Geopolitics]. [Electronic resource]. Available at: <http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/Syroejkin%20Laumulin%20Kurmanbaeva.pdf> (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]
3. Chzhao Khuasheng. Peremeny v Tsentral'noi Azii: otkuda berutsya riski dlya bezopasnosti? [Changes in Central Asia: Where Do Security Risks Come From?] [Electronic resource]. Available at: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/peremeny-v-tsentralnoy-azii-otkuda-berutsya-riski/> (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]
4. Trusova A.A., Chernyaev M.S. Ugroza terrorizma v Tsentral'noi Azii: predposylki, napravleniya, problem regional'noi bezopasnosti [The Threat of Terrorism in Central Asia: Preconditions, Directions, and Regional Security Issues], Postsovetskie issledovaniya [Post-Soviet Studies], 3, 6, 5-6 (2020). [in Russian]
5. Pravesh Kumar Gupta. Povysheenie ustoichivosti strategii protivodeistviya terrorizmu v Tsentral'noi Azii [Enhancing the Resilience of Counter-Terrorism Strategies in Central Asia]. [Electronic resource]. Available at: <https://ru.valdaiclub.com/a/highlights/povysheenie-ustoychivosti/> (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]
6. Kazantsev A., Gusev L. Terroristicheskii akt v Aktobe – simptom rosta terroresticheskoi aktivnosti na vsem postsovetском prostranstve [The Terrorist Attack in Aktobe – A Symptom of Growing Terrorist Activity Across the Post-Soviet Space]. [Electronic resource]. Available at: https://mgimo.ru/about/news/experts/simptom-rosta/?utm_source=google.com&utm_medium=organic&utm_campaign=google.com&utm_referrer=google.com (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]
7. Bor'ba s terorizmom i ekstremizmom v Kazakhstane [Combating Terrorism and Extremism in Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/589?lang=ru> (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]
8. Dusmetova S.I., Nalibai A.A. Problema terrorizma v Respublike [The Problem of Terrorism in the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: <file:///Users/imac/Downloads/problema-terrorizma-v-respublike-kazakhstan.pdf> (Accessed: 01.12.2024). [in Russian]
9. Reshetnyak A. Opasnye set: kak borot'sya s onlain radikalizatsiei v Kazakhstane [Dangerous Networks: How to Combat Online Radicalization in Kazakhstan]. [Electronic resource]. Available at: https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/09/%D0%A0%D0%B5%D1%88%D0%B5%D1%82%D0%BD%D1%8F%D0%BA_%D0%B2%D0%B5%D1%80%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B0_.pdf (Accessed: 01.12.2024)
10. Security challenges in Kazakhstan: Addressing terrorism at home and abroad. [Electronic resource]. Available at: <https://tacticsinstitute.com/asia/security-challenges-in-kazakhstan-addressing-terrorism-at-home-and-abroad/> (Accessed: 01.12.2024)

11. Kazakhstan Reaches Level Free from Terrorism Impact. [Electronic resource]. – 2024. Available at: <https://astanatimes.com/2023/08/kazakhstan-reaches-level-free-from-terrorism-impact/> (Accessed: 01.12.2024)

Авторлар туралы мәлімет:

Аккожина Н.О. – Аймақтану кафедрасының PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Даркенов Қ.Ғ. – тарих ғалымдарының докторы, Аймақтану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Аккожина Н.О. – PhD докторант кафедрасы регионоведения, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Даркенов Қ.Ғ. – доктор исторических наук, профессор кафедрасы регионоведения, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Akkozhina N.O. – PhD student at the Department of Regional Studies, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Darkenov K.G. – Doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of Regional Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).